



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

түсіндірме» жұмысында қолданды. Бірақ Халықаралық жеке құқықтың дамуы 1834 жылға дейін, ежелгі Греция мен ежелгі Римде құлдыққа ие болды, онда шетелдіктердің құқықтарын реттейтін ережелер болған. Ежелгі Рим протестанттары ежелгі Грекияның мемлекеттік қайраткерлерінен гөрі жеке халықаралық құқықтың дамуына әлдеқайда көп үлес қосты, бұл Рим, Грецияға қарағанда, бір билеуші тұтас мемлекет болғандықтан болды. Кезде солтүстік Италия қала-мемлекеттер арасындағы сауда қарқынды дамуына байланысты алғаш рет халықаралық жеке құқықтың шаңырағы, XIII ғасырдың шетінде, ортағасырлық айтуға болады айналды -Генуя, Болонья, Пиза, Падуя, Ломбардия, әкелді, ол буржуазиялық қарым-қатынастардың бастамасы, ол басқа қалада орналасқан тұлғаның (көпес), муниципалитет, яғни жатады қандай заң, рұқсат беруден табандылықпен талап Әрбір муниципалды жарғының іс-шаралар көлемі. Аккурсияның «Glossa ordinaria» еңбекте барлық глоссаторлар мектебінің шығармалары қосылды. Буржуазиялық революция нәтижесінде, аумақтық айырмашылықтарды жою және Францияда заң бірыңғай ережесін белгілеу ретінде, тұрғылықты жері критерийі азаматтығы қағидасы бойынша ауыстырылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. Александр Мережко. Международное частное право на пороге XXI века: проблемы и перспективы, 2000.
2. Ануфриева Л.П. М.: Международное частное право, 2002.
3. Кудинов О. А. Римское право. Краткий терминологический словарь-справочник 2007
4. И. Б. Новицкий, И. С. Перетерский Римское частное право 2010

УДК 341.9

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ТРАНСҰЛТТЫҚ КОРПОРАЦИЯЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚСУБЪЕКТІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Мухаметжан Нуржан Жайнарулы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

Аңдатпа. Мақалада трансұлттық корпорациялардың халықаралық жеке құқықтағы орны талқыланып, түсіндіріледі. Трансұлттық корпорациялардың қай халықаралық құқықтың қай бағытына жатқызылатыны туралы айтылады.

Аннотация. В статье обсуждается место транснациональных корпораций в международном праве и причастность их к одной из систем международного права, а именно международному публичному и частному праву.

Түйін сөз. Трансұлттық корпорациялар, халықаралық жеке құқық, халықаралық жария құқық, ұлттық құқық, заңды тұлға, заңды емес тұлға, заңды рәсімдеу.

Әрбір мемлекет үшін трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) инвестициялардың көзі ретінде құқықтық сипатын нақтылау мәселесі өте маңызды. Қазіргі таңда трансұлттық корпорацияларды құқықтық реттеу Қазақстан үшін негізгі мәселе екені айдан анық. Біріншіден, 2015 жылдан Қазақстан Республикасы ДСҰ - ға мүше болғасын, біздің еліміз шетелдік инвесторлар үшін ақша құюдың басты орны болып тұр. Екіншіден, ДСҰ - ға мүше мемлекет болғанымыздықтан, шетелдік инвесторларға қолайлы режим негізінде тиімді шарттық талаптар беру көзделеді. Мұндай жағдайда, трансұлттық корпорациялардың қызметіне қатысты жеке халықаралық құқық мәселелерінің білікті шешімі талап етіледі.

Трансұлттық корпорациялардың халықаралық жеке құқықтық табиғаты туралы мәселелрді қарастырғанда, трансұлттық корпорациялардың құқықсубъектілігі маңызды орын алады. Трансұлттық корпорациялардың халықаралық жеке құқықтың субъектісі бола – бола алмайтындығы туралы сұрақ, осы құбылыстың халықаралық жеке құқық кеңістігін анықтайды. Трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) құқықсубъектілігін анықтау мәселесі «ТҰК» ұғымын түсінуіне қатысты. Халықаралық жеке құқық аспектісіндегі трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) құқықсубъектілігін заңды тұлға санаты азаматтық және корпоративтік құқықтың заңды тұлғалар тұрғысы арқылы қаралуы тиіс, өйткені халықаралық жеке құқық аспектісінде заңды тұлғаның жеке анықтамасы жоқ. Халықаралық жеке құқықта қолданылатын заңды тұлғалар ұғымының қайнар көзі, қалай болса да ұлттық құқтан көрініс табады.

Халықаралық жеке құқық тұрғысынан трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) ұғымына мынадай анықтама берсе болады: Трансұлттық корпорациялар(ТҰК) - үш немесе одан да көп елдерде, бірінғай шешім қабылдау жүйесі мен экономикалық ынтымақтастыққа негізделген, бір немесе бірнеше басқарушы корпорациялары және әртүлрі өзіндік заңнамасы бар заңды және заңды емес тұлғалар жинағы. Трансұлттық корпорациялар(ТҰК) жүйесіне кем дегенде үш құрылымдық компонент бар ол – бір басқарушы компания және екі бөлімше, немесе екі басқарушы компания мен бір бөлімше. Бұл жағдайда бастапқыда айтылып кеткен анықтама трансұлттық корпорацияның барлық құрылымдық элементтеріне, немесе оның басқарушы құрылымына ғана қолдануына байланысты сұрақ туындайды. Бұл сұраққа халықаралық жеке құқықтық доктринада бірнеше пікір бар. Мысалы Л.А. Лунц өз пікірінде трансұлттық корпорация ретінде тек басқарушы компанияны танитын болса[1], В.М. Толстых трансұлттық корпорацияларды(ТҰК) бірнеше мемлекетте қызмет атқатаратын ұлттық құқық заңды тұлғасына жатқызады[2].

Біріккен Ұлттар Ұйымының сауда мен даму Конференциясы (ЮНКТАД) аясында трансұлттық корпорациялар(ТҰК) – басқарушы мен бөлімшелер құрылымын қоса алғанда, инкорпорацияланған және инкорпацияланбаған кәсіпорын болып табылады[3]. В.М. Шумилов «көпұлтты кәсіпорын» терминің тек қана бас компанияға ғана емес, сонымен қатар бөлімшелері мен филиалдарына да қолдану керек[4]. Менің ойымша трансұлттық корпорациялар(ТҰК) ұғымы оның барлық құрылым элементтерін қамтиды, бұл көзқарас жетекші заңгерлер мен экономисттердің көзқарасы негізінде құрылған. Яғни олардың пайымдауынша, трансұлттық корпорацияларды(ТҰК) бір жалғыз құқықтық элемент ретінде емес, заңды тұлғалар мен заңды емес тұлғалардан тұратын жүйе[5].

Қазіргі халықаралық жеке құқықта субъектілер ретінде заңды тұлға мен жеке тұлға, ұйымдар мен мемлекеттер таңылады. Ал сөз трансұлттық корпорациялар жайлы қозғалынатын болса, оның мәні трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) заңды тұлға бола алатыны немесе бола алмайтынына келеді.

Жалпылай құқықсубъектілік екі құрылымнан тұрады, ол құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілік. Құқық қабілеттілік – субъектінің құқықтар мен міндеттерге ие болу қабілеті, ал әрекет қабілеттілік – субъектінің өз әрекеттері арқылы құқықтарды алу қабілеті. Заңды тұлғалардың жеке тұлғаларға қарағанда бір ерекшелігі, олардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі бір кезде, яғни тіркелген сәттен бастап пайда болады және бір кезде, оның таратылуы мен қайта құрылуы сәтінен жойылады[6].

Әдетте, азаматтық құқықтық, сонымен қатар шетелдік элементтері бар қатынастар субъектісі ретінде заңды тұлғаның мынадай ерекшеліктерге ие:

ұйымдық бірлік;

- меншіктік тәуелсіздік[7];

- меншікке өз бетінше, өз міндеттері бойынша жауапкершілік;

- соттартда өз атынан шығу.

ТҰК заңды тұлға және халықаралық жеке құқық субъектісі ретінде қарастырылу үшін, осы айтылып кеткен ерекшеліктерге сәйкес болуы керек[7].

Өзінің пайда болуынан бастап заңды тұлға, өзіндік құқықтары мен міндеттері бар, ұйымдық бірінғай ағза ретінде қарастырылған. Әрқашанда заңгерлер заңды тұлғалардың өз құқықтары мен міндеттерін олардың мүшелерінің немесе акционерлердің құқықтары мен міндеттерінен ажыратқан[8]. Әйгілі құқықтанушы Р.Паунд заңды тұлғалардың құқықсубъектілігі туралы мәселелерді қарастыру барысында, заңды тұлғаларға ғана тән заңи бірлікке ие болатындығын айтты. Біріншіден заңи бірлік ол – сот алдында талапкер және жауапкер болу, атауға, меншікке илік, билік және тағдырын шешу, шарттар жасау және т.б белгілі мемлекеттің нормаларына сәйкес міндеттемелер мен құқықтарға ие болуды айтады[9].

Заңды тұлғалардың ұйымдық бірлік туралы сөз айтатын болсақ, ТҰК өз кезегінде ұйымдық бірлік барысында өз қызметін істей алмайды, өйткені ТҰК бір ғана кәсіпорын емес, ол бірнеше бірдей заңды рәсімделуі жоқ заңды немесе заңды емес тұлғалардан тұратын құрылым.

БҰҰ Халықаралық Сотының атақты судьясы Ф. Джесопп трансұлттық корпорацияларды(ТҰК) -әртүрлі құқықтық нысандары мен механизмдері бар және жалғыз кәсіпорын ретінде бола алмайтын саяси және экономикалық факт ретінде қарастырған. Бұл көзқарас әбден нақты болып табылатынына күмән болмау керек, себебі жоғарыда айтылып кеткеннің барлығын осы пікір дәлелдейді[10].

Жоғарыда трансұлттық корпорациялар (ТҰК) туралы құқықтанушылар мен заңгерлердің айтылып кеткеніндей АҚШ-тың сыртқы қатынастардың Үшінші Своды да осындай негіздемелерге сүйенеді[11].

Осылайша, трансұлттық корпорацияларға қатысты (ТҰК) ешбір заңды рәсімделуге ие емес екеніне көз жеткізуге болады. Яғни трансұлттық корпорациялар(ТҰК) заңды және заңды емес тұлғалар жүйесі ретінде болады, ал бұл тұтастай құқықтық кеңістікте бола алмайды. Осыдан трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) заңды тұлға емес жән халықаралық жеке құқықта құқықсубъектілікке ие бола алмайтындығына әкеледі. Ал құқық субъектілік тек қана оның бөлек бөлімдерінде ғана болады, яғни басшылықта, еңшілес компаниялар мен бөлішелер және филиалдарда.

Батыс доктринасында трансұлттық корпорациялар(ТҰК) тек халықаралық жария құқықтың, дәлрек айтсақ халықаралық экономикалық құқықтың субъектісі ретінде қарастырылады. Мысалы Л.П.Ануфриева айтуынша батыс заңгерлері трансұлттық корпорацияларды(ТҰК) әдетте халықаралық экономикалық құқықтың субъектісі ретінде қарастыратыны туралы айтады[12]. М.Н. Шоу болса трансұлттық корпорацияларды (ТҰК) халықаралық құқықтың болашақ субъектілері ретінде қарастырады және халықаралық қатынастардың осы маңызды құбылыстарын айқындайтын доктринадағы әртүрлі анықтамалар бар, бірақ олар негізінен басқарма мен еңшілес компанияларға байланысты бірнеше заңды тұлғаларды қамтитын жеке ұйымдар болып табылады[13].

Қортындылай келе, халықаралық жария құқықта және ең алдымен, шетелдік доктринадатрансұлттық корпорациялардың (ТҰК) халықаралық құқық субъектілігі туралы тұжырымдаманы табу өте қиын.Халықаралық экономикалық қатынастардың дамуының қазіргі кезеңінде және халықаралық жеке құқықтың қазіргі заманғы доктринасы тұрғысынан трансұлттық корпорацияларды (ТҰК) халықаралық құқық субъектісі ретінде қабылдау мүмкін еместігі сияқты көрінеді.Трансұлттық корпорациялардың (ТҰК)халықаралық экономикалық қатынастардың бөлігі болатыны туралы дау жоқ, халықаралық құқықта, сондай-ақ ұлттық құқықтық жүйеде арнайы мәртебеге қол жеткізе алмайтыны сөзсіз. Трансұлттық корпорациялар(ТҰК) халықаралық құқықсубъектілікке ие болу үшін, кем дегенде, халықаралық құқық бойынша құқықтар мен міндеттерге ие болуға, халықаралық құқықтық жауапкершілікке ие болуға және халықаралық норма құруға қатысты іс-шараларға қатысуға мүмкіндігі болуы тиіс, яғни халықаралық құқық субъектісінің қасиеттеріне ие болуы керек. Трансұлттық корпорацияларда(ТҰК) халықаралық құқық саласындағы құқықтар мен міндеттемелерге қатысты әмбебап деңгейде құқықтар мен міндеттер бере алатынбүгінгі күні жалпыға ортақ қабылданған империативті халықаралық-құқықтық құжат жоқ. Сонымен қатартрансұлттық корпорациялар (ТҰК) халықаралық құқық нормаларын

қалыптастыруға тікелей қатыса алмайды. Сондықтан, трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) халықаралық құқықсубъектілігін ең алдымен, халықаралық экономикалық құқық шеңберінде беру туралы халықаралық жария құқықтың дамуының айқын үрдісін жоққа шығару мүмкін емес. Мүмкін сол себепті трансұлттық корпорациялар (ТҰК) қазіргі заманғы халықаралық құқықта көбінесе халықаралық жария құқықтың болашақ субъектілерінің нысанында ұсынылады.

Ал егер халықаралық жеке құқықтың тұрғыдан қарастыратын болсақ, жоғарыда айтылған анықтамаларға сәйкес, трансұлттық корпорациялар (ТҰК) әрине халықаралық құқықтың бұл бағытының мүшесі бола алмайтындығы айдан анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Лунц Л.А., «Курс международного частного права. В 3-х томах.», М., 2002. С. 389.
2. Толстых В.Л., «Международное частное право.» Новосибирск, 2001. С. 129.
3. «ЮНКТАД» ресми сайты:
<http://unctad.org/en/Pages/PublicationArchive.aspx?publicationid=693>
4. Шумилов В.М., «Международное экономическое право.» 3-е изд. Ростов-на-Дону, 2003. С. 137.
5. Blumberg P.I. The Corporate Entity in an Era of Multinational Corporations // Delaware Journal of Corporate Law. 1990. P. 291 // Westlaw; Clive M. Schmitthoff's Select Essays on International Trade Law / ed. Cilia-Jui Cheng. Dordrecht, Boston, London, 1988. P. 719; Vernon R. International Trade and International Investment in the production cycle // Quarterly Journal of Economics. 1980. p. 190-207; Show M.N. International law. Cambridge University Press, 2006. P. 224; Nygh P. The Liability of Multinational Corporations for the Torts of Their Subsidiaries // European Business Organization Law Review. The Hague: TMC Asser Press, 2002. Vol. 3. P. 52.
6. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі., 45 - бап.
7. Суханов Е.А. «Гражданское право» Т. 1. М., 1998. С. 93.
8. Blumberg P.I. The Multinational Challenge to Corporation Law. Oxford University Press, 1993. P. 4.
9. Pound R. Jurisprudence. St. Paul, Minnesota. 1959. P. 192.
10. Transnational Law in a Changing Society: Essays in Honor of Philip C. Jessup / ed. Friedmann W.G., Jessup P.C., Henkin L., Lissitzyn O.J. New York: Columbia University Press, 1972. P. 80.
11. § 213, comment f. Restatement (Third) of Foreign Relations Law of the United States. I, 1 IN NT. American Law Institute, 1987.
12. Ануфриева Л.П. «Международное частное право. Особенная часть.» М., 2002. С. 59.
13. Show M.N. International Law. Cambridge University Press, 1997. P. 177.

УДК 941.9

ULTRA VIRES ДОКТРИНАСЫНЫҢ ГЕРМАНИЯЛЫҚ СИПАТЫ МЕН ОНЫ ИМПЛЕМЕНТАЦИЯЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мухаметжан Нуржан Жайнарулы

Nurzhanych14@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті Заң факультетінің
«5В030200 – Халықаралық құқық» мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - з.ғ.м., аға оқытушы Ақылов Д.О.

Азаматтық құқықта заңды тұлғалар жеке тұлғалармен кейбір белгілермен көбінесе ұқсас болып келеді. Жеке тұлғалар сияқты заңды тұлғалар да (ұйым, серіктестік не болмаса